

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Үй құстары: Тауық

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- үй құстарының ішінде тауық туралы білетіндерін еске *түсіреді*;
- үш тілде қайталайды, қанша буын, әріп, дыбыс бар екендігін *айтады*;
- тауықтың дене бөліктерін атайды, қандай түстермен боялғанын анықтап, қарындаштың жеткіліксіз екенін *нақтылады*;
- тауықтың аяғын қаздың аяғымен салыстырып, ерекшелігін табады, неге ондай екендігін *талдайды*;
- қай түстен бастап бояу керектігін *анықтайды*;
- тапсырманы орындайды, салынған суреттегі тауық сен көріп жүрген тауыққа ұқсайды ма? Өзіңді бағала.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*бейнелеу*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- тауық туралы білетін білімдерін, немен қоректендіретінін, қандай пайдасы бар екенін еске түсіреді;
- үш тілде айтады, қайталайды, буын, әріп оның қанша екенін біледі;
- дене бөліктеріне сәйкес келетін қарындашпен екеуінің арасын қосады, жетпейтінін табады;
- қаз бен тауық аяқтарын салыстырып, ерекшелігін табады, неге екендігін талдайды;
- қай түстен бастап бояу керектігін еске түсіріп, бояу ретін анықтайды;
- тапсырманы орындап өзің көріп жүрген тауыққа ұқсады ма, анықтайды, салыстырады, бағалайды.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Екеуінің тіршілік ортасының ерекшелігі туралы әңгімелейді.  
Қаздар қандай жерде тіршілік етеді? Тауықтар қай жерде?

**Топқа сұрақ:**

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)



Топпен суреттегі үй құстары – тауық туралы әңгімелейді...  
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

**ҮЙ ҚҰСТАР – ТАУЫҚ**  
(кітапшамен жұмыс)


1. *Полилингвалдық компонент:* үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған үй құстар атауы: қанша буыннан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (*танымдық дағды*)

3. Түрлі-түсті қарындаштармен тауықтың боялған дене бөліктерін қосамыз, атын атаймыз. Қандай түстің жетпейтіндігін анықтаймыз.


4. Аяқтары неге әртүрлі? Суда жүзеді, жерде жүреді.

Өздік жұмыс



5. Бояуды бастағанда қай түстен бастайтындығымызды еске түсіреміз.  
Қарындаштарды ретімен қоямыз.  
Тапсырманы орындаймыз.


✓ бірдей  
✗ бірдей емес  
= ұқсас



Аяқтарының суреттері:



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.